



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
МИНИСТЕРСТВО ОБРАЗОВАНИЯ И НАУКИ
РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН
MINISTRY OF EDUCATION AND SCIENCE
OF THE REPUBLIC OF KAZAKHSTAN



Л. Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ
ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ
ЕВРАЗИЙСКИЙ НАЦИОНАЛЬНЫЙ
УНИВЕРСИТЕТ ИМ. Л. Н. ГУМИЛЕВА
GUMILYOV EURASIAN
NATIONAL UNIVERSITY



Студенттер мен жас ғалымдардың
«Ғылым және білім - 2015»
атты X Халықаралық ғылыми конференциясының
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ

СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ
X Международной научной конференции
студентов и молодых ученых
«Наука и образование - 2015»

PROCEEDINGS
of the X International Scientific Conference
for students and young scholars
«Science and education - 2015»

УДК 001:37.0
ББК72+74.04
Ғ 96

Ғ96

«Ғылым және білім – 2015» атты студенттер мен жас ғалымдардың X Халық. ғыл. конф. = X Межд. науч. конф. студентов и молодых ученых «Наука и образование - 2015» = The X International Scientific Conference for students and young scholars «Science and education - 2015». – Астана: <http://www.eni.kz/ru/nauka/nauka-i-obrazovanie-2015/>, 2015. – 7419 стр. қазақша, орысша, ағылшынша.

ISBN 978-9965-31-695-1

Жинаққа студенттердің, магистранттардың, докторанттардың және жас ғалымдардың жаратылыстану-техникалық және гуманитарлық ғылымдардың өзекті мәселелері бойынша баяндамалары енгізілген.

The proceedings are the papers of students, undergraduates, doctoral students and young researchers on topical issues of natural and technical sciences and humanities.

В сборник вошли доклады студентов, магистрантов, докторантов и молодых ученых по актуальным вопросам естественно-технических и гуманитарных наук.

УДК 001:37.0
ББК 72+74.04

ISBN 978-9965-31-695-1

©Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия
ұлттық университеті, 2015

**«ҰЛТТЫҚ ОЙЫНДАРДЫ ОҚУ ЖӘНЕ ТӘРБИЕ ҮРДІСІНДЕ
ПАЙДАЛАНУДЫҢ ӨЗЕКТІЛІГІ»**

Маткеров Нурсултан Жамбылович

matkerov@mail.ru

Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ

Әлеуметтік ғылымдар факультеті, Дене шынықтыру және спорт кафедрасы студенті,

Астана, Қазақстан

Ғылыми жетекшісі – Д.Г.Токтарбаев

Қоғамымыздың іргетасын нығайту үшін бүгінгі жастарға үлгілі, өнегелі тәрбие беру – қазіргі міндеттердің бірі.

Оқушыда жалпы адамзаттық құндылықтар мен адамның айналадағы дүниемен жеке тұлғалық қатынасын (этикалық, адамгершілік тұрғысынан) тәрбиелеу мақсатын халқымыздың мәдени рухани мұрасының, салт-дәстүрінің озық үлгілерін оның бойына дарыту арқылы жүзеге асыруға болады. Осымен байлынысты бағдарлама халқымызға тән әдептілік, қонақжайлылық, мейірімділік, т.б. сияқты қасиеттер, табиғатқа деген қарым-қатынасындағы біздің халыққа тән ерекшеліктер. Жас ұрпақ өз халқының мәдениетімен, асыл мұраларымен ұлттық әдебиеттер арқылы танысып келеді.

Ойын дегеніміз – адамның ақыл-ойын дамытатын, қызықтыра отырып ойдан-ойға жетелейтін, тынысы кең, алысқа меңзейтін, қиял мен қанат бітіретін ғажайып нәрсе.

Ұлы педагог В.И.Сухомлинский: «Ойынсыз, музыкасыз, ертегісіз, творчествосыз, фантазиясыз толық мәніндегі ақыл-ой тәрбиесі болмайды», – дейді. Демек, шәкірттің ақыл-ойы, парасаты ұлттық салт-сананы сіңіру арқылы баии түседі. Оқу үрдісінде ұлттық ойын элементтерін пайдалану сабақтың тақырыбы мен мазмұнына сай алынады. Сонда ғана оның танымдық, тәрбиелік маңызы арта түседі. Оқушыларды әсіресе, «Сықырлы қоржын», «Көкпар», «Асық» секілді ұлттық ойындарға қатыстыру өте тиімді екеніне көз жеткізу қиын емес. Бұл ойындарды жаңа материалды бекіту немесе қайталау кезінде қолдану керек деген пікір бар. Оқушы ойынның үстінде не соңында өзінің қатысу белсенділігіне қарай түрлі баға алуы мүмкін. Мұғалім әр оқушының еңбегін бағалап, ынталандырып отыруы тиіс. Ойынның тәрбиелік маңызы мынада: ол баланы зеректікке, білгірлікке баулиды. Балаларымыздың асыл қазыналарына деген көзқарасын құрметтеуге сөз әсемдігін сезінуге үйретеді. Батылдыққа, өжеттікке тәрбиелейді. Ендеше еңбекке баулу сабағын ұлттық ойындар арқылы сабақтастырып түсіндіру пән тақырыптарын тез, жылдам меңгеруге ықпал етеді. Оқушының сөздік қорын байыта түседі. Халқымыздың ұлы перзенттерінің бірі, аса көрнекті жазушы М.Әуезов: «Біздің халқымыздың өмір кешкен ұзақ жылдарында өздері қызықтаған алуан өнері бар ғой. Ойын деген менің түсінуімше көңіл көтеру, жұрттың көзін қуантып, көңілін шаттандыру ғана емес, ойынның өзінше бір ерекше мағыналары болған», – деп тегіннен тегін айтпаса керек. Одан кейінгі кезеңде қазақ халқының бай этнографиялық материалдарын жинақтаған және оның ішінде ұлт ойынының тәрбиелік маңызы туралы пікір айтқандар К.А.Покровский, А.И.Ивановский, Н.И.Гродеков, Е.А.Алекторов, Ә.Диваев, А.Левшин, Н.Пантусов, Ф.Лазаревский, П.П.пашин, Г.С.Запряжский, А.Шиле, А.Харунзин, А.Горячкин, П.Ходыров, Е.Букин, О.Әлжанов, т.б. болды делінген. Е.Сағындықов өз еңбегінде: «Қазақтың ұлт ойындары тақырыпқа өте бай және әр алуан болады», – дей келіп, ұлт ойындарын негізінен үш салаға бөліп топтастырған. Қазақ балаларының ұлттық ойынына тоқталғандардың бірі – орыс ғалымы А.Алекторов. Мәселен, оның «О рождении и воспитании детей киргизов, правилах и власти родителей» (Орынбор, 1891) атты еңбегінің атауы болады. Автор бұл еңбегінде көшпенді қазақ халқының өмір сүру салтындағы баланың дүниеге келген сәтінен бастап өсу динамикасына дейін ұлттық ойын мен қимыл-қозғалыс әрекетінің алатын орны және балғындардың денсаулығы мен дене мүшесінің қалыптасып дамуындағы

жеке халық ойындарының қажетті жақтарын ашып көрсетеді. М. Жұмабаев ойындарды халық мәдениетінен бастау алар қайнар көзі, ойлау қабілетінің өсу қажеттілігі, тілдің, дене шынықтыру тәрбиесінің негізгі элементі деп тұжырымдайды. Кезінде ұлттық ойындарды зерттеген авторлар қатарында М. Тәнекеев, Б. Төтенаев, М. Балғымбаев, Ә. Бүркітбаев, т.б. семдерін атауға болады. Кеңес Одағы кезіндегі ұлттық ойындардың маңызы мен қажеттілігін көрегендікпен қарастырған ғалым Б. Төтенаев «Қазақтың ұлттық ойындары» (Алматы, 1994) атты еңбегінде қазақ ойындарын бірнеше топқа бөліп, ойын шарттарын жазып, жастар үшін тәрбиелік мәнін зерделеп, ойын білдірген [1].

Халық ойынды тәрбие құралы деп таныған. Ойынды сабақта қолдану оқушылардың ой-өрісін жетілдірумен бірге, өз халқының асыл мұраларын бойына сіңіріп, кейінгі ұрпаққа жеткізе білу құралы. Бірақ оны жүргізуге арналған нақты әдістемелік құралдар жоқтың қасы. Зерттеу жұмысында орыс тілінде жазылған әдебиеттер қолданылады. Соның нәтижесінде қазіргі таңда тақырыптың өзектілігі туындап отыр. Халық педагогикасының адам, өскелең жас ұрпақты тәрбиелеу туралы арман-мақсаттарын, орныққан пікірлерін, ұсыныстарын қамтып көрсететін педагогикалық идеялар мен салт-дәстүрлері өткен мен қазіргінің арасындағы байланысты көрсетеді. Ол тарихи даму барысындағы әлеуметтік мәні бар ақпаратта (білім, білік) т.б. жиналып, ұрпақтан ұрпаққа беріліп отырады. Халықтық педагогиканың ең бір көне тиімді құралдарының біріне ойын жатады. Ойын арқылы бала қоршаған ортаны өз бетінше зерделейді. Сөйтіп, өзінің өмірден байқағандарын іске асырып, қоршаған адамдардың іс-әрекетіне еліктейді. Соның нәтижесінде өзі көрген жағдайларды отбасылық тұрмыс пен қызмет түрлерін жаңғыртады. Мәселен, қазақтың ұлттық ойындары: «Бәйге», «Көкпар», «Алтын сақа», «Хан талапай», «Қыз куу», «Тоғызқұмалақ» т.б. балалардың еңбекке деген қарым-қатынасы мен қабілеттерін арттырады. Қай халықтың болмасын, оның ұлттық ойындарының белгілі бір мақсаты мен әлеуметтік-психологиялық тұрғыдан ерекше қасиеттері болады. Ұлт ойындары сол халықтың әлеуметтік-экономикалық жағдайларына байланысты туып, дамуына қазақ халқының ұлттық ойындарымен таныса отырып көзіміз әбден жетті. Өйткені, қазақ халқының ұлттық ойындары өзімен бірге жасасып, оның көшіп-қону тұрмыс жағдайларына үйлесімді жасалғандай әсер береді. Олай дейтініміз осы ойындардың көпшілігі сол көшпелі тұрмысқа лайықталып, арнайы материалдық әзірліксіз ойнала беретіндігіне ғана емес, сонымен қатар халықтың психологиялық ерекшеліктеріне де байланыстылығында екендігіне көзіміз жетті. Қазақ халқының тарихи көне жырларының эпостарының қай-қайсысын алып қарасақ та, олардың өн бойында халықтық, ұлттық ойындарының әдет-ғұрып салттарының алуан түрлерін кездестіреміз. Осы жырлардың негізгі кейіпкері – болашақ ел қорғаушы батыр, жауынгер, халық қайраткері ойын үстінде көрінеді. Сол ойын арқылы шынығып, өзінің бойындағы табиғи дарынын шыңдай түседі. Ойынға халық ерекше көңіл бөлген. Сондықтан халық оған тек ойын-сауық, көңіл көтеретін орын деп қана қарамаған. Ең бастысы – ел қорғауға қабілетті болашақ қайраткер, өзінің осы қабілетін шаршы топтың алдында, баршаға тең (досқа да, дұшпанға да) еркін бәсекеде жеңіп алуға тиіс болған. Сондай-ақ талапты жас ойын өнеріне өзінен жасы үлкен, танымал ұстаздан үйреніп, жаттығатынын, аянбай тер төгетіндігін байқаймыз. Ұлт ойындары осылайша атадан балаға, үлкеннен кішіге мұра болып жалғасып, халықтың шаруашылық өнер мәдени тіршілігінің жиынтық бейнесінің көрінісі де болған. Сондықтан ұлттық ойындардың бүгінгі мектептегі және мектептен тыс оқу тәрбие жұмысына, әсіресе оқушылар арасында саяхат ұйымдастыруды енгізудің әлеуметтік ғылыми алғы шарттарға бағындырылуы - қазіргі заманның негіздері бар талаптарының бірі. Ұлттық ойын құрамаларын сабақтың барысында пайдалану - оқушылар білімді қабылдау қабілетін нақтылап, мазмұнын оқушы санасына енгізеді. Оқушылардың табиғи жағдайда өткізілетін саяхаттық іс-әрекетін (жорықтарда, саяхаттық жарыстарда) ұлттық ойындар пайдалану тәрбиесі жұмысына оларды қызықтырып, еліктіре түседі. Сабақта және тәрбиеде, яғни бала бақшалар мен бастауыш мектептерде ұлттық ойынды ұтымды пайдаланса, алдымен еңбекке баулу және дене шынықтыру пәндерінде оқушылардың өз бетімен жұмыс жасау дағдыларын қалыптастыру шарттары теориялық тұрғыдан негізделсе,

онда оқушылардың білімге деген құштарлығын арттыруға және халықтың асыл мұрасын бойына сіңіріп, ұлттық сананы қалыптастыруға болады [2].

Қорытындылай келсек, әрбір ата-ана өз жанұясының келешегі жарқын, әрі берік те күшті болуы үшін келесі міндеттерді жүзеге асыру қажет:

-біріншіден, жанұядағы дене тәрбиесінің алатын орны мен маңызын нақтылау;

-екіншіден, жанұядағы әрбір мүшенің жас және дербес ерекшеліктеріне қарай спорт түрлерімен шұғылдануға жағдай жасауды;

-үшіншіден, спорт түрлерінің әрбір талаптары мен ерекшеліктерін толық жүзеге асыруды;

-төртіншіден, спорт түрлері бойынша қалыптастырған әрбір жетістіктерін одан әрі дамытуға мүмкіндіктер жасау және қадағалау.

Сонымен жас ұрпақты тәрбиелеу тәжірибесі мына бір жайды айқын дәлелдейді, халық ойыны балалар мен жасөспірімдердің жоғары имандылық, дене қабілеттері мен қасиеттері рухын көтеруде маңызды құралдардың бірі болып саналады.

Қолданылған әдебиет

1. Құрманбаева С.К. «Ұлттық ойындардың бүгінгі мен келешегі», Алматы. -2004.
2. Несіпбаев Б.К. «Ұлт мәдениеті мен өнері», «Білім» - 2003.
3. Атабаев А.С. «Ұлттық ойындар- халық мұрасы», «Кітап» - 2006.
4. Наурызбаев Ж. «Ұлттық мектептің ұлы мұраты», Алматы - 1995.
5. Е.Сағындықов. «Қазақтың ұлттық ойындар». Алматы; «Рауан» - 1991.
6. М.Б.Сапарбаев. Қазақтың ұлттық спорт ойындарының тарихы.
7. Э.Тлеулов. Дене тәрбиесі. Спорт ілімі мен әдістемесі. Шымкент - 2009.
8. Б.Төтанаев. Қазақтың ұлттық ойындары. Алматы.
9. Ұлттық энциклопедия.

УДК709:592.099.13

«ДЕНЕ ШЫНЫҚТЫРУ ПӘНІНДЕ ЖАҢА ИННОВАЦИЯЛЫҚ ТЕХНОЛОГИЯЛАРДЫ ПАЙДАЛАНУ ӨЗЕКТІЛІГІ»

Молдахметова Д.А

abekov2015@yandex.kz

Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ Әлеуметтік ғылымдар факультеті,
Дене тәрбиесі кафедрасының ДШС-11 топ студенті, Астана, Қазақстан
Ғылыми жетекшісі – И.Б. Имангаликова

Білім беру саласының маңызды бір тармағы қолжетімді және сапалы білім беру және бәсекеге түсе алатын түлекті дайындауды мақсат етеді. Жаңару, даму жағдайында білім берудің бұл мақсатына ақпарат-коммуникативті және тағы да басқа инновациялық технологияларға жүгінбей қол жеткізу мүмкін емес.

Қазіргі таңда Қазақстанда білім беру жүйесі жаңа бағыттарға бет бұруда. Бұл үдеріс педагогикалық теориялар мен оқу-тәрбие процесстеріндегі өзгерістермен сүйемелденеді. Ақпарат алмасудың дәстүрлі түрі жаңа заманның ақпарат-коммуникативті технологияларына жол берді. Мұндай жағдайда оқытушыға инновациялық технологиялардың кең шоғырына бейімделу керек. Заманауи ақпараттық қоғам мұғалімнің алдына өзгермелі өмірдің кез-келген жағдайына бейімделе алатын, өздігінен білім алып, оны тәжірибеде қолдана алатын, заманауи технологияларды қолдана отырып туындайтын мәселелердің уақытылы оңтайлы шешімдерін таба алатын, білімдерін қайда және қашан қолдану керек екендігін айқын білетін, ақпаратпен саналы жұмыс істей алатын, қоғамның әр түрлі топтарында өзін көрсете алатын, топпен жұмыс істей алатын, өз санасын, ойын, мәдени деңгейін өздігінен дамыта алатын түлектерді дайындап шығу талабын қояды. Дәстүрлі білім беру тұрғысынан бұл